



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 028 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**2003 жылғы 17 қараша**

**Халықаралық резервтер және ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2003 жылғы 14 қарашада мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	4675,1	4584,1
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер**	3992,5	3992,5
Алтын	682,6	591,0
<b>Ақша базасы, млрд. тенге</b>	294,1	294,1
KZT/USD (кезең аяғында)	147,33	155,85
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	395,50	342,75

\* теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтын 2002 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы қарашаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,5%-ке (немесе 72,0 млн.долл.) төмендеді. Ұлттық қордың активтерін толықтыру мақсатында Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және 64,7 млн. долларға валюта сату таза валюта қорларының (ЕАВ) 91,4 млн. долларға төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,8%-ке көбеюі нәтижесінде 19,4 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,9%-ке төмендеді, ЕАВ-мен таза активтер – 2,2%-ке, алтынмен активтер – 0,1%-ке көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3149,6 млн. долл.) қоса алғанда 7830,9 млн. долл. болды. Өткен айға төмендеуі – 0,1 % болды.

2003 жылғы қарашаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі (Үкімет шоттары көлемінің төмендеуі) ақша базасының 3,8 млн. теңгеге аздап кеңеюіне себепші болды.